

13 қыркүйек,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

АЛАШТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ АРДАҚТАЛДЫ



Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ақыны, өдебиет зерттеуші ғалым, публицист, педагог, қоғам қайраткері, қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдер күні аясында ақын, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ахмет Байтұрсынов - ұлт ұстазы» атты танымдық көш өтті. Дәл осы күні барша Қазақстандықтар қазақ өліпбиінің негізін салған ғалымның

туған күнінде тілдер мерекесін тойлауда.

Бұл танымдық-рухани кеште рухани көсеміміздің саяси жолы, сол кездегі бастан кешкен ауыртпашылықтары мен жаңашылдықтары жайлы кеңінен сөз болды. Иә, Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын бір кешке сыйдыру мүмкін емес. Бұны мойындамасқа болмас. Сөз сөйлеген қоғам өкілдері жиналған қауымға ұлт ұстазын барынша ашып, таныстыруға тырысты. Жиналған алғашқылардың бірі болып сөз алған Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Рысбаева ағартушының сол кездегі қоғамдық саяси ойын, Алаш идеясын тілге тиек етті. Ұлт

көсемінің өз халқын оқу-білімге үндегенін жиналған оқушылар мен ұстаздарға ашық айтты. Одан соң сөз кезегі Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дидар Іздеңқызына берілді. Ардақты ұстаз өз сөзінде Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі туралы шығармаларына тоқталды. Қазіргі кезде ұлт ұстазының зерттеушілік жинақтары өз өзектілігін жоғалтқан емес. Арада қаншама уақыт өткеніне қарамастан өр түрлі ғылыми ізденістер мен зерттеулердің негізгі өзегі де осы жұмыстары екенін тілге тиек етті. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы зерттеулерден ғана емес, сонымен бірге адами құндылықтарды насихат-

тайтын көркем әдебиет туындыларынан тұрады. Дәл осы мәселеге Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгерім Масабаева тоқталды. Жалпы адамилық Ахметтің шығармаларында көрініс табатын халық арасына жетіспейтін басты қасиет десек те болады. Бұл сөзімізге дәлел ретінде «Маса» өлеңдер жинағы мен мысалдарын алуымызға болады. Бір ғана мысал ретінде «Тырна мен Қасқыр» үлгі бола алады. Өлексені қомағайлана жеген аш қасқырдың тамағына сүйек тұрып қалады. Жан ұшырған қасқыр жан-жануарлардан көмек сұрайды. Қасқырға көмекке тырна келеді. Ол қасқырға көмектесіп, өңешіне тұрып қалған сүйекті алуға көмектеседі. Бірақ қасқыр өзіне көмектескен тырнаны жемекші болады. Осы мысалды қолданып, сол кездегі адамдардың арақатынасын байқаймыз. Өзіне қиын сәтте көмектескен адамды тез ұмытып, аш қасқырша талайтыны анық көрсетілген.

Сонымен бірге өңгімелер айтылып қана қоймай, кітап көрмесі де ұйымдастырылды. Кітап көрмесін Анар Мәуленова таныстырып өтті.

Танымдық кешті аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қорытындылады.

Кештің соңында «Ахмет Байтұрсынұнов – ұлт ұстазы» атты танымдық кешке белсене қатысқан ұстаздар, 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай, Мұхтар Шахановтың 80 жылдығына арналған орталық кітапхана ұйымдастырған «Өлеңім – өмірімнің айнасы» атты аудандық байқауға қатысқан жүлдегерлер аудан өкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Әділет ШАБАЙ,
Ойыл селосы.

БІРЛІГІМІЗ БЕРІК БОЛСА, АЛЫНБАЙТЫН БЕЛЕС ЖОҚ!

1ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ МЕРЕКЕСІМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЫМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ. ЖАЛПЫ БҮЛ ЖЫЛҒЫ ЖОЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚ БЕРГЕН БАҒЫТЫ – ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН САҚТАП ҚАЛУ. СОНЫМЕН БІРГЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР СҮРУІНЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ, ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ.

Халықты елең еткізген жаңалықтар аз болмады. Соның бірі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігін құру. Бұл агенттік тікелей президентке бағынышты болмақ. Естеріңізге сала өтсек, бұрын мұндай құрылым болған және ойдағыдай жұмыс атқарған. Енді бұл агенттік тұтас мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі орталығына айналады. Агенттік ұсынған реформа мен жоспарлар нақты, іске асатын және ең бастысы, барлық мемлекеттік органдар үшін міндетті болады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің экономикасын дәуірі аяқтауға жақын мұнай саласынан, өртаптапандырылған және технологияға негізделген экономикалық аймаққа айналдыруға бұйрық берді. Қазіргі дамыған өлеңнің экономикасы мұнай мен мал шаруашылығында ғана емес екені берімізге белгілі. Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі – өнеркәсіптік өлеуетімізді толық пайдалану. Бұл жолда ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан мал шаруашылығымен қатар ауыл шаруашылығында дамыту және бұл саланы тұрақты жолға қою. Ауыл шаруашылығын дамытуда негізгі қаражат көзі ретінде инвесторлар үлесін арттыру көзделіп отыр.

Бұл жолдауда елдің бас ауруына айналған мәселелер мен азаматта-

рымыздың өмірін жеңілдетуге арналған жаңашылдықтар ұсынылды. Отбасы-демографиялық ахуалымен қатар, баспана мәселесінде салымшыларға көмек көрсетілетін болды. Еліміздің болашағы болып саналатын жас ұрпаққа сапалы білім беру мәселесі де тыс қалмады. Мемлекет басшысының айтуынша қашықтықтан білім беру ісін ұйымдастыруда Үкіметтің жіберген қателіктерін бірі біледі. Шұғыл арада осы мәселені шешіп, толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар онлайн оқу платформасын жасау қажет. Бірақ дәстүрлі білім беру де ұмыт қалмақ емес. Сондықтан санитарлық талаптарды сақтап, білім берудің дәстүрлі тәсіліне қайта көшу тәртібін әзірлеу қажет екені айтылды.

Жалпы бұл жолдау еліміздің жаңа болмысын қалыптастырып, тұтас ұлт сапасын арттыруды көздейді. Адам мен қоғамды заман талабына сай жетілдіру және жаңарған ұлт жасау еліміздің алдына қойған негізгі мақсаты және міндеті екені жолдаудан нақты сезіліп тұрды. Ең бастысы еліміздің бірлігі мен ынтымақтастығы мығым болса, барлық қиындықты жеңіп, мақсатымызға жетеріміз анық.

Әділет ШАБАЙ,
Ойыл селосы.

ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУҒА ЖАҚЫНДАҒАН ӘЙЕЛДЕР ҮШІН «КҮМІС ЖАС» ЖОБАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

КЕШЕ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІ ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА «ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСЫН 58 ЖАСҚА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ» БЕЛСЕНДІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУГЕ ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ МЕН МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТАРЫ ДА ҚАТЫСТЫ.



Кездесу барысында азаматтарды зейнетақының пара-пар мөлшерімен қамтамасыз ету үшін қабылданатын шаралар ұсынылды. Қозғалыс өкілдеріне Мемлекет басшысының зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру туралы Жолдауда айтылған тапсырмалары бойынша түсініктемелер берілді:

- жоспарланған әйелдердің зейнеткерлік жасын 61 жас деңгейінде ұзарту туралы шешімді 2028 жылға дейін тоқтата тұру жөнінде;
- кейінгі 3 жыл ішінде жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27% - ға арттыру туралы. Бұл өсім 2 млн астам зейнеткерді, сондай-ақ 1998 жылға дейін еңбек өтілі бар болашақ зейнеткерлерді қамтитын болады.

Кездесуде сондай-ақ зейнеткерлікке ерте шығудың қолданыстағы заңнамалық негіздері белгіленді, оның ішінде зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы да тәсілі айтылды.

Бұл ретте кездесуге қатысушыларға азаматтар үшін оның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында зейнетақы аннуитетінің құнын айқындау кезінде пайдаланылатын параметрлерді қайта қарау бойынша Ұлттық банкпен бірлескен жұмыс басталғаны туралы хабардар етілді. Сондай-ақ зейнеткерлік жас алдындағы адамдарға зейнеткерлікке мерзімінен бұрын шығуды ұсыну бойынша ҚТЖ тәжірибесін тарату мүмкіндігі мәселесі қаралды.

Бұл ретте жұмыс беруші ұжымдық шартқа сәйкес қызметкер жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін оған төлемдерді

жүзеге асыруға міндеттенеді. Зейнеткерлік жас алдындағы жұмыс істемейтін әйелдерді жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту мақсатында министрлік «Күміс жас» жобасын іске асыруда. Жоба шеңберінде әйелдерді жеке көмекшілер, күтім жөніндегі өлеуметтік қызметкерлер, өлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар, жас қызметкерлер үшін тәлімгерлер және т.б. қызметші ретінде жұмысқа орналастыру жүзеге асырылады, келесі жылдан бастап оған 50 жастан асқан адамдар (қазір тек 58 жастан асқан адамдар) қатыса алады.

Бұл жобаға қатысу кезеңі еңбек өтіліне есептелетін болады, ал 30 АЕК (2023 жылы 100 мың теңге) мөлшеріндегі төлем сомасы зейнетақыны есептеу кезінде табыс ретінде қаралады деп көзделуде.

Осылайша, аталған әйелдер санаты зейнетке шыққан кезде қазіргі кездегідей 20 мың теңге емес, жобаға қатысу өтіліне байланысты 70 мың теңгеге дейін алатын болады.

1998 жылға дейін еңбек өтілі жоқ және тек жинақтаушы зейнетақы жүйесінен зейнетақы алатын адамдар үшін жаңа шарт - жинақтаушы зейнетақы енгізілетін болады.

Бұл жүйеден төлемдер жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің пайдалануына жүзеге асыратын қосымша жарналар есебінен төленеді.

Осылайша, қабылданған шаралар зейнетақының барабар мөлшерін тек қазіргі ғана емес, болашақ зейнеткерлерді де қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚПАРАТ

ЖЕР – «ЖҰМЫСТЫҢ» БАСТАУЫ

«ЖЕР ЫРЫСТЫҢ КІНДІГІ», - ДЕЙДІ АТА-БАБАМЫЗ. ОЛАЙ БОЛСА ЫРЫСЫМЫЗДЫ ЫСЫРАП ҚЫЛЫП ЖАТҚАН ЖОҚПЫЗ БА? СЕБЕБІ ҚАЗІР ШАРУА БАҚҚАН ЖАНДАР ДА, ЖЕКЕ ТҰРҒЫНДАРДА ЖЕРДІҢ ТАЛШЫЛЫҒЫНА КУӘ БОП КЕЛЕДІ. ЖЕР ЖОҚ. БІРАҚ БОС ЖАТҚАН ЖЕРЛЕР КӨП. МІНЕ ОСЫНДАЙ КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕНІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА ҚОЗҒАҒАН БОЛАТЫН. ЕНДЕШЕ БІЗ ОСЫ ОРАЙДЫ ПАЙДАЛАНЫП, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ МӘУЛЕН ТӨРЕМҰРАТОВПЕН АРНАЙЫ СҰХБАТ-ТАСҚАН ЕДІК.



- Мәулен мырза «Жер дауы» қазақтың ең «жанды жері» екенін жақсы білесіз. Алайда қазір ауданымызда жеке тұрғындардың малдары жайылатын жайылымдық жерлер тапшы. Оның себебі неде?

Біздің аймақ негізінен ауыл шаруашылықпен айналысатын қазақы аудан. Мұнда ешқандай өндіріс көзі болмағандықтан жер телімдері айтулы салаға арналып беріледі. Жалпы аудан аумағы 1 миллион 145 мың 868 гектарды құрайды. Оның 735 мың 737 гектары ауыл шаруашылық бағытында берілген жерлер. Сіздің сауалыңыз өте орынды. Бұл мәселе көптен көзге қаралып келеді. Оның басты себебі бұрын ауылдар мен елді мекендерге жақын маңнан жер телімдері берілген. Олардың құжаттары заңды болғандықтан ешқандай шара қолдана алмай отырмыз. Әзірге түсінік жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жақын жердегі шаруа қожалықтарға қашықтау жерлерден жер телімдерін беріп, ауылдың айналасын босатып алуға

жұмыстанып келеміз.

- Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы кезекті Жолдауында ігерілетін жатқан жерді қайтарып алу жөніндегі комиссияның қызметіне жеке тоқталып, «Ігерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтады», - деді.

Ал, соның ішінде біздің ауданда ше?

Расында біздің ауданда да ешқандай шаруашылықтың ізі де, ісі де байқалмайтын, бірақ жерлерін заңдастырып алып алған шаруа қожалықтар шаш етектен. Ел Президенті Үкімет пен өкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс екендігін нақты атап өтті. Мәселен біз ағымдағы жыл басынан бері 15117 гектар жерді қайтарып алдық. Мемлекет басшысы еліміз бойынша комиссия жұмысының аясында ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылғанын мәлімдеді. Жылдың соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтарып алу жоспарланып отыр. Сондықтан бұл жұмыстар өлі де жалғасын табатын болады.

- Өнім өндіру үшін, ең алдымен, жер керек. Жері жоқ адам бизнеспен айналыса алмайды. Сондықтан кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарға жер телімдерін ашық, әрі жедел бөлудің тиімді тәсілдері айқындалуы керектігі жөнінде тапсырма берді. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

- Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану «жалға алу» құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан конкурста шаруашылықтар қатысып, қажетті жер телімін жалға алу мүмкіндігіне ие бола алады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пай-

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТАПСЫРМАСЫ - ЖЕР САЛАСЫНДАҒЫ ӘДІЛЕТТІЛІК ПРИНЦИПТЕРІН НЫҒАЙТУ, ЛАТИФУНДИСТЕРМЕН КҮРЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтару кезінде қолданылатын шаралар:

1. Президенттің тексерулерге мораторий жарияланған жарлығына Жер саласындағы заң бұзушылықтарға тексерулерді жүргізуге рұқсат ету жөніндегі 2022 9 тамыздағы өзгеріс енгізілді;
2. ҚР ӨҚБТ Кодексінің 338 бабына сәйкес өкімшілік шара – айыппұл қолдану (талған заңбұзушылыққа орай, жер пайдаланушыға ҚР ӨҚБТ-нің 338-бабына сәйкес 200 АЕК-ке дейінгі, яғни 612000 теңге көлемінде айыппұл қарастырылған);
3. Жер учаскесіне табысталған нұсқама негізінде ауыртпалық қою (обременение);
4. 20 есе салық салу (Мәселен, жер пайдаланушы «Қ» осыған дейін 800000 теңге көлемінде айыппұл төлеп келсе, тексерістен кейін жерді пайдаланбағаны үшін оған 16000000 теңге қосымша салық салу көзделген);
5. Нұсқаманы орындамаған кезде жер учаскелерін сот тәртібімен мәжбүрлеп алып қою;
6. ҚР ӨҚБТ Кодексінің 462 бабының 3 тармағына сәйкес нұсқаманы орындамаған жағдайда сотпен өкімшілік шара – екінші мәрте айыппұл қолдану;
7. Мәжбүрлеп алып қою туралы сот шешімі күшіне енгеннен бастап жер пайдаланушыны Жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізіліміне қосу (реестр недобросовестных землепользователей);
8. Аталған тізілімге қойылған жер пайдаланушыға жер алуға тыйым салынады.

«Ақтөбе облысының жер ресурстарын басқару департаменті» ММ

Ақтөбе қаласы, 101 атқыштар бригадасы 2, 5 этаж тел.90-80-74

далануымыз қажет. Сонда ғана біз айтулы саланы айтарлықтай дамыта алар едік. Айта кетсем, қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойды. Бұл қадам жерін игермей отырған шаруашылықтардан жерді қайтарып алу шараларына оң ықпалын тигізіп келеді. Соның нәтижесінде биыл 8 шаруа қожалық құрылымы тексеріліп, жер телімін тиімсіз пайдаланып отыр-

ғанын анықтадық. Шаруа қожалық жерінде ауыл шаруашылық техникалары түгілі малы да жоқ екендігіне куә болдық. Ол шаруашылықтарға ескерту берілді. Егер ескертуден кейін еш нәтиже шықпаса, жерді қайтарып алуға толық мүмкіндігіміз бар.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

№164 27 ТАМЫЗ 2022 ЖЫЛ
Мұрат Нұғманға «Ойыл ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 – бабы 1 – тармағының 12-1 тармақшасына, Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №262 «Ақтөбе облысының (қаласының, ауданның) Құрметті азаматы» атағын берудің Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне сәйкес, аудан өкімінің 2022 жылғы 21шілдедегі №ҰЖ-2022-01-01/133 санды

ұсынысын мақұлдап, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 1952 жылы 9 қарашада Ойыл ауданының Көптоғай ауылында дүниеге келген. 1974–1998 жылдар аралығында бұрынғы Құрманов атындағы, Саралжын кеңшарларында МТМ меңгерушісі, бас инженер – механик, Ойыл аудандық «Сельхозтехника» бірлестігінің басшысы, аудан өкімінің орынбасары, Ойыл кеңшарының директоры, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. Аудан экономикасын көтеру, оны тұрақтандыру бағытында аянбай 24 жыл тер төкті. Кейін белгілі бір әлеуметтік себептер-

ге байланысты Ақтөбе қаласына қоныс аударды. Өртүрлі салаларда «Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Ақтөбе металлострукциялар зауытының» директоры, соңғы 16 жыл бойы, зейнет демалысына шыққанша, «Ақтөбе хром қосындылар зауыты» АҚ үзбей, абыройлы жұмыс жасады. 2019 жылы қыркүйек айынан бастап құрметті еңбек демалысында, осы зауыттың «Еңбек ардагері».

Нұғман Мұрат Аққайдауұлына **«Ойыл ауданының Құрметті азаматы»** атағы берілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы:
С.Ғ.Займолдин

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2022 жылдың 12 қыркүйектен бастап 26 қыркүйекке дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-

інілері мен апа-сіңілілері (қарындас-тары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгілі қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2022 жылдың 26 қыркүйегіне дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 08:00 ден 18:00-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.00-ден 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үйі.

Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-702-278-46-99 электрондық пошта: maslixat.uil@mail.ru.

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының номері Комиссия құрамындағы бос орын саны

№412 2

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 12 сентября до 26 сентября 2022 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах. Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усынов-

ленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 26 сентября 2022 года с понедельника по пятницу с 08:00 до 18:00 часов, перерыв с 12:00 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Досов Мыңжасар Кемалханұлы, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87022784699, электронная почта: maslixat.uil@mail.ru

Вакансии по избирательным комиссиям:

Номер учасковых избирательных комиссии Число вакантных мест

№412 2

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ЕКІ ТАРАПҚА ДА ТИІМДІ

Соңғы жылдары сот жүйесіне біршама ақпараттық технологиялар енгізіліп, қарапайым халықтың мүддесіне қызмет атқаруда. Еліміздің барлық сот жүйесінде заман талабына сай заманауи технологиялар енгізілуде. «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танымал сервисі», «SMS –хабарлама» сервисі, «Тағдау» форумы, сот органдарымен байланыс CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңаақпараттық технологиялар қызметі, соттардың ахуалдық орталығы, мобильді «Сот кабинеті» енгізілді.

«Сот кабинеті» сервисі арқылы өз үйінен шақып-ақ талап арыз бере алады. Осы енгізілген ақпараттық технологиялар шалғайда тұратын азаматтардың қажыларын және уақыттарын тиімді пайдала-

нуына мүмкіндік беріп отыр.

Сот мәжілісіне қатыса алмайтын оның ішінде қамаққа алынатын тұлғалардан басқа сот мәжілісіне қатысушылар «SMART» суд арқылы оның ішінде өзінің қапта телефонымен бейне бақылау құрылғысымен байланысып, сот мәжілісін өткізу мүмкіндігі қарастырылған, яғни қазір халқымызға сот процесіне қатысу үшін сот залына келудің қажеті жоқ. Цифрландыру бағдарламасы арқылы сот процесіне өлемнің кез келген түкпірінен онлайн қосылуға болады.

Тағы бір айтып кететіні сотқа шақыру мәселесі де шешімін тауып отыр. Яғни осының алдында сот мәжілісіне қатысатын тұлғаларды арнайы шақырту қағаздарын жазып қолмақпа немесе пошта арқылы жөнелту жұмыстары арқылы жүргізілетін. Осы жазылған сотқа шақыру қағаздары баратын жеріне барып болғанша, жауап келгенше біраз уақыт алған болатын. Сот жүйесіне ең-

гізілген жаңа технология уақытты үнемдуден қатар ескі байланысқа нүкте қойды. Енді сотқа шақыру қағазын қолма-қол жазбай-ақ, SMS хабарламаны ұялы телефон нөмірі арқылы бірден азаматтарға жіберіп, сотқа шақыру процесі өлдеқайда жеңілдеді.

Сот жүйесінде заманауи технологиялардың, оның ішінде жоғарыда айтылған функцияларды пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартыды, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Әсіресе, бұл сот қызметкерлерінің жүктөмесін азайтып, өділ сот жұмысын оңайлы ұйымдастыруда да ақпараттық технологиялардың көмегі өлшеусіз, сонымен қатар халықтың уақытын мен қаражатын үнемдейді, сот жүйесінің максималды ашықтығы мен қол жетімділігіне жету мүмкіндігін береді.

С.ШАЙМАКОВА,
Ойыл аудандық сотының кеңсе бас маманы.

ДОМБЫРА ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ АҚПАРАТТАР

ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕКСЕНБІСІ ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ МЕРЕКЕСІ ЕКЕНДІГІ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ. ҰЛТТЫҢ ҮНІНЕ АЙНАЛҒАН ҚАСИЕТТІ ҺӘМ КИЕЛІ АСПАБЫМЫЗДЫ ҚАДЫР АҚЫН «НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ҚАЗАҚ ЕМЕС, НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ДОМБЫРА» ДЕП ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫН БЕРГЕН. ЗАМАННЫҢ АҒЫСЫ САН ҚҰБЫЛСА ДА ӨЗІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОАЛТПАҒАН, ҚАЙ УАҚЫТТА БОЛМАСЫН ҰЛТЫМЫЗДЫҢ СЕНІМДІ СЕРІГІНЕ АЙНАЛҒАН АСПАБЫМЫЗ ТУРАЛЫ АНЫЗ ДА КӨП, АҚПАР ДА КӨП. ЕЖЕЛГІ АЛТАЙ АҢЫЗДАРЫНА СҮЙЕНСЕК, ТАУЛАРДЫ МЕКЕНДЕГЕН ЕКІ АҒАЙЫНДЫ ЖІГІТ ӨМІР СҮРІП, БІРЕУІ СОЛ ЗАМАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ДОМБЫРАНЫҢ ИЕСІ БОЛҒАН ЕКЕН. ТАҢДЫ ТАҢҒА ҰРЫП, ӨН-КҮЙДІ НАҚЫШЫНА КЕЛТІРГЕН БОЗБАЛАҒА ХАЛЫҚ ТА СҮЙСІНГЕН. БІРАҚ ШАРУАҒА ШОРҚАҚТЫҒЫ ОНЫҢ АҒАСЫНЫҢ ЗЫҒЫРДАНЫН ҚАЙНАТҚАН, АҚЫРЫ ШЫДАМАҒАН АҒАСЫ ІНІСІНІҢ АСПАБЫН СЫНДЫРЫП, ЖАРАМСЫЗ ҚЫЛЫП ТЫНҒАН. ОСЫДАН КЕЙІН ДОМБЫРА ҮНІ БӨЛШЕКТЕНІП, АЛТАЙДЫҢ ӨР АЙМАҒЫНА ТАРАП КЕТКЕН ДЕСЕДІ. ОСЫ ҮНГЕ ЕЛІТКЕН АДАМДАР ДА ДОМБЫРАНЫ ҚАЙТА ЖАСАП ШЫҒАРЫПТЫ. ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ КӨП АҢЫЗДЫҢ БІРІ ОСЫНДАЙ. СІЗДЕРГЕ ДОМБЫРА ТУРАЛЫ ТАҒЫ ДА ҚЫЗЫҚТЫ АҚПАРАТТАР ЛЕГІН ҰСЫНАҚШЫМЫЗ.



1.Домбыра сөзінің шығу тегі өлі толық зерттеліп болған жоқ. Десек те өр түрлі баламаларды көптеп кездестіре аламыз. Мысалға, татар тілінде «думбра»-балалайқа, «домбура»-гитара деген мағыналарды береді. Ал қалмақ тілінде «домбр» сөзі домбыра мағынасында қолданылады. Ал моңғол халқы домбыра аспабын «домбура» деп атайды. Түрік бауырларымыз гитарға «тамбура» деген атау берген. Барша түркі халықтарына ортақ аспаптың бірі болғандықтан атаулары да ұқсас келетін домбыра сөзінің нақты мағынасы өлі де зерттеуді, анықтауды қажет етеді.

2.Домбыра тек түркі халықтарының ғана емес, бүкіл әлемдегі ең ежелгі музыкалық аспаптардың бірі болып саналады. Жорамал бойынша алғашқы домбыралар осыдан 6000 жыл бұрын қолданысқа енген. Қазіргі домбыраларға келсек, еліміздің географиялық және дәстүрлі өн айту

мектептерінің ерекшеліктерін байланысты өр аймағымызда өр түрлі домбыралар қолданылады. Еліміздің солтүстік аймақтарында шертпе күйге арналған домбыралар көптеп кездессе, оңтүстік, батыс аймақтарда төкпе күйдің қарапайым домбыраларын жиі жолықтырасыз.

3.2010 жылы аспабымыз Гиннестің рекордтар кітабын бағындырды. Қытайда өткен жиында 10450 домбырашы «Кеңес» күйін бір уақытта орындап күллі әлемнің назарын өздеріне аударды.

4.2008 жылы Моңғол-Алтай даласының Жарғалант Қайраң үңгірінен танымал ғалымдар осыдан 1500 жыл бұрын жасалынған домбыраны іздеп тапқан. Зерттеу кезінде, ондағы көне түркі жазуларына көздері түскен. Домбыраның бетінде көне түркі тілінен аударғанда «Жұпар күй өуені сүйсіндірді» деген сөз бейнеленген. 6000 жыл бұрын алғашқы үлгілері жасалған бұл аспап осыдан 15 ғасыр


бұрын да жұпар күй шашып, адам жанына жылулық сыйлаған.

5.Қазіргі кезде домбыраның, домбыра тектес аспаптардың көптеген түрлері кездеседі. Өн-күй домбырасы, үш ішекті домбыра, қуыс мойын домбыра, шерттер, кең шанақты домбыра және тағы да басқа түрлерін еліміздің өр аймақтарынан табуыңыз мүмкін. Бұл қатарға Фараби еңбектеріндегі 9 ішекті домбыраны және қытай жерінде қолданытатын лютна аспабын қосыңызға да болады.

Екі ішекті бірін тартып, бірін сөл кем бұрау арқылы дала философиясын, елдің көңіл-күйін санасына сіңірген киелі аспабымыз қашан да өз өзектілігі мен маңызын жоғалтпақ емес. Ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге домбыраны жеткізу біздің де миссиямыз екенін есімізден шығармайық, құрметті оқырман. Төрімізден домбыра түспесін, төңірегімізден тыныштық үзілмесін. Домбыра тек бейбітшілігіміз үшін шертпелісін!

Қуандық Көргенов

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУПЫ – УЛЫ ГАЗБЕН УЛАҢУ



Адам өміріне орасан шығын өкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен өлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің түтін құбыры және түтіндігі күйеден тазартылмауы.

Қазіргі таңда ауданымызда 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Атап айтсақ халықтың осал топтағы тізімі құрылып, 111 тұрғын үй есепке алынды. Аталған тұрғын үйлерге профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында көптеген өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары анықталуда. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құбыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 х 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселме-

ген, тоқ желілері жаңғыш материалдың үстімен жүргізілген және т.б. Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңіздегі табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ көзіне қосып, қаңылты жұмыс жағдайына келтірулеріңізді сұраймыз.

Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қаңылты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек.

Алдағы уақытта біле отырған жөн деп санаймыз: Тұншықтырғыш газ немесе көміртек тотығы–түссіз, иісі жоқ газ, ауадан жеңіл. Тұншықтырғыш газ өр жолы ағаш, көмір отынды жаққан кезде қалыптасады.

Тұншықтырғыш газымен улану

себептері:

Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тарту).

Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі).

Адамның өрт ошағында болуы.

Ауа алмасу нашар гаражда немесе бөлмеде автономлікке техникалық қызмет көрсете.

Қозғалтқыш қосылған күйдегі автономлікте ұйықтау.

Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен тіріс сақтау да төтенше жағдайлардан қорға болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тума-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЖӘРМЕҢКЕ ТАРИХЫ

ХІХ ҒАСЫРДА ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА АТТАРЫ ДҮРКІРЕГЕН ҚАРҚАРАЛЫ, ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІМЕН ҚАТАР ТҮРҒАН КӨКЖАР ЖӘРМЕҢКЕСІ – ТАРИХИ ОРЫН. КӨКЖАР ЖӘРМЕҢКЕСІ - АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН. КӨКЖАР ЖӘРМЕҢКЕСІ РЕСМИ ТҮРДЕ 1867 ЖЫЛЫ ОРАЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗБЕК БОЛЫСЫНДА КӨКТЕМДЕ АШЫЛҒАН. КӨКЖАР ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ БИЫЛ 153 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ЖӘРМЕҢКЕНІҢ САУДА ҚАТАРЛАРЫ, КІРІС-ШЫҒЫС ҚҰЖАТТАРЫН ЖҮРГІЗГЕН КОМИТЕТ ҮЙІ, МЕШІТІ МЕН КӨПЕСТЕРДІҢ ҮЙІ СЕКІЛДІ ТАРИХИ ҒИМАРАТТАР ТЕК ОЙЫЛДА САҚТАЛҒАН.

Қазақстан аумағындағы ең ірі 13 жәрмеңкенің ішінде тауар айналымының көлемі бойынша 9-шы орынды иеленген тарихи орын. Батыс Қазақстанда халық өнері мен мәдениетін насихаттауға мол мүмкіндік туғызған орталық. Қазақстан бойынша 13 жәрмеңкеден ізі қалған, архитектурасы сақталып, жойылмаған тарихи ескерткіш. Қазіргі таңда ішкі туризмді дамытуға және халықтың рухани дамуына үлесі зор.

Қазақстанның батыс аймағын зерттеген белгілі ғалым саяхатшылар П.С.Паллас, Фальк, Г.Георги, П.И.-Рычков, тағы басқалары өз жазбаларында сауда жолдары мен орталықтары жөнінде көптеген мәліметтер қалдырды. Қазақ жерінің тарихын зерттеген өйгілі ғалым Ермахан Бекмаханов осы жәрмеңкенің ашылуы жөнінде: басқарушы органдардың төртбі бойынша алғашқы рет 1867 жылы көктемде «Орынбор даласындағы Ойыл өзенінің жанында ашылған жәрмеңкенің сауда нәтижесі жақсы болды» деп нақты деректер келтірген. Алғаш зерттеу жұмыстары 1973 жылы жүргізіліп, ескерткіш паспорты дайындалады. Тәуелсіздік жылдарында сауда қатарлары туралы зерттеу жұмыстары 2001 жылы «Ақтөбе» энциклопедиясына және «Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі» атты жинағында 2007 жылы жарық көрді. 2012 жылы тарих ғылымдарының кандидаты Беркін Жолмырзаұлы Құрманбековтың «Ойыл жәрмеңкесі» атты кітабында жарық көрді.

1867 жылғы көктемде жәрмеңке мейлінше қанағаттанарлық нәтижелер берді. Оған шамамен 250 мың сом тұратын тауарлар әкелінген, олардың 100 мың сомнан астам тұратыны сатылды және айырбасталды, жәрмеңкеде 20 мыңға дейін өр түрлі мал сатып алынды. 1867 жылы жәрмеңкеге 137 саудагер қатысты.

★ ★ ★

19 ғасырдың ІІ-ші жартысынан бастап Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық байланыстардың ұлғаюынан сауда-саттық күшейді. Сонымен қатар, екі жақта сауданың дамуына себепкер болғандықтан, қалалар мен қамал-бекіністер көп салынды. Оларға мысал, Қазақстан мен Орта Азия аралығы сауда орталығына айналды. Қазақстанның батыс аймағын зерттеп, сауда жолдары, орталықтары тарихи деректер қалдырған ғалымдар мен саяхатшылар П.С.Паллас, Фальк, Г.Георги, П.И. Рычков,т.б. Орынборда Азиядан келгендерге Жайық өзені өткел бермей , қала іші мал саудасына қолайсыз және бөгет болғандықтан 1749-1754 ж. Жайықтың Азия жақ бетінен шығыс базары түріндегі «Айырбас сарайы» салынды.

Бұл жөнінде П.И. Рычковтың «Орынбор топографиясы» кітабынан мынадай жолдарды оқимыз: «Бір жағынан сауда орны, екінші жағынан қамал болған осы қорғанның екі қақпасы болған. Қала жақтағысы – «Орыс қақпасы», дала жақтағысы – «Азия қақпасы» деп аталған. Орыс қақпасы жағында 246 дүкен, 140 қойма, Азия қақпасы жағында 98 дүкен, 8 қойма болған. Оларды біріне-

ше зеңбірек пен өскер күзеткен». Қазақ даласы мен Орта азиядан мал мен мал өнімдері,мақта, шойын, мыс, темір, мата мен астыққа айырбасталды.

19 ғасырдың ІІ-ші жартысында Қазақстан аумағында 150-дей жәрмеңкелік саудалар болса, оның шамамен жетпісі тұрақты жұмыс істеген. Басқарушы орындардың төртбі бойынша 1867 жылы көктемде Ойыл өзенінің жанындағы Қазыбек атты жерде ашылған жәрмеңке жұмыс істеді. Оған 250.777 сомға тауар әкелініп, одан 100.000 сомның тауары сатып алынды немесе айырбасталды.Жәрмеңкеден 20.000 бас мал сатып алынды.1869 жылы сауда орталығы ыңғайлы Барқын бойына көшірілді.

Жәрмеңке жылына 2 рет көктемде 15 мамырдан 15 маусымға дейін, күзде 15 қыркүйектен 15 қазанға дейін өтіп, дүйсенбі күндері болған.-Көкжар жәрмеңкесі Ресейдің атақты 10 жәрмеңкесінің ішіне кірсе, Қазақстанның 3 жәрмеңкесінің қатарына кірді.Сауда қатарларын Ойыл бекінісінде 1893 ж. Орал көпестері күйдірілген қызыл кірпіштен салған.-Ойылдан керуен жолдары жан-жаққа таралып, орыс, башқұрт, өзбек,

жәрмеңкесінің тауар айналымы 2 млн 140 мың сомға жеткен.

Ұлы жібек жолының бойында орналасқан Көкжар жәрмеңкесіне Ойылдың көнекөз қариялары бала кездерінде үлкендердің айтқандарын еске алып отырады: бір кездері көкжар жәрмеңкесіне жүкті пілмен әкелген көрінеді.

Шамасы пілдерді жәрмеңкеге келе жатқан жолда Иасы-Түркістанда, Төшкенде, Хиуада немесе Бұхарада қыстатса керек деген дерек айтылады.

Көкжар жәрмеңкесінде ауыл ақсақалдарының айтуынша осы жерде тек қазақтардың ғана емес, бүкіл қарақалпақтарды, башқұрттарды, Орта Азияның көпестерін жинаған жәрмеңке болған деседі.

Ойыл жәрмеңкесінің маңызы артып, сауда орталығы болғаннан кейін Үндістан, Иран, Европа елдерінен саудагерлер келген деп аңыз деректер таратады. Олардың сатқан тауарлары: үнді шайы, мақта, төтті тағамдар, жібек маталар.

1869 жылы салынған керуен сарайының құрлысына жергілікті табиғи гилісті, топырақты және карьер тастарын қолданғандығы туралы халық арасында айтылып келеді. Сонымен қатар керуен сарайдың кірпіш тасы жергілікті жерде күйдіріліп, құрылысты ағылшындардың салғандығы айтылады.

Тарихи сауда қатарлары туралы өлкетанушы Жақсылық Бисалиевтің пайымдауынша құрылысты ағылшын, орыс, татар өскіпкерлері мен саудагерлерінің қолдап, демеуімен белгілі орыс сәулетшісі А. Брюлловтің жобасы бойынша салынған. Орынбор жәрмеңке комитетінің, сондағы сауда нысандары мен мұсылман мешітінің, емхана, аса ауқатты татар байлары салдырған ғимараттардың дөлме-дөл көшірмесі деп келтіреді.

түркімен саудагерлері Орынбор, Орал, Саратов, Орта Азия аймақтардан келген.

Жәрмеңкенің ашылуы да, жабылуы да үлкен мереке, той болып өткен. Ат жарыс, атан жарыс, теңге ілу, ат үсті ойындары өткізіліп, мергендер мен палуандар жарысқан. Жан-жақтан ат арытып келген өншілер, жыршылар,күйшілер жәрмеңкеге келген. Сонымен қатар, өйгілі күйші Шұрманғазы келген.

Мұстафа Шоқайдың әйелі Мария Шокай Ойыл жәрмеңкесі туралы жазған: «...Біз Қызылқұрт ауылына келдік. Қызылқұртта қазақ-татар аралас тұрады. Ол жерде жазда жәрмеңке өтеді. Бұл жәрмеңкеге қазақтар жүн мен түрі өкеледі. Ойыл өзенінің суына қазақтар жүн жуып, жаңасында тері мен жүнді кептіреді екен». Азамат соғысы кезінде жабылып қалған жәрмеңкелер 1922 жылы қайта жанданып, Ақтөбе губерниясында 16 жәрмеңке жұмыс жасаған. 1923 жылы Ойыл жәрмеңкесінің айналымы 6.0000000 алтын сом болды және жазда өткен жәрмеңкеде үгіт пункті мен 300 адамға арналған театр жұмыс істеген.

Деректер интернет желісінен алынды

Кейбір дерек көздерінде Ойыл жәрмеңкесі деп жазылып жүр. Респбликаның батыс өңірінде ноғайлы жұрты қонысы болғандықтан, бұл туысқандар «биік», «жоғары» деген сөздерді «Көкияр» деген сөзбен береді. Ресейдің атақты 10 жәрмеңкесінің, Қазақстандағы атақты 3 жәрмеңкенің бірі болған, өз заманында атағы айшылық алыс жерлерге жеткен Көкжар жәрмеңкесі тарихта Батыс Қазақстан өңіріндегі ең ірі сауда орталығының бірі ретінде айтылады. Тарих ғылымдарының кандидаты, марқұм Беркін Құрманбековтің «Ойыл жәрмеңкесі» атты еңбегіндегі деректерге сүйенсек, Көкжар жәрмеңкесі туралы негізгі ережелер 1866 жылдың 7 қыркүйегінде Ресей ішкі істер министрлігінде бекітілген. Ол ресми түрде 1867 жылы көктемде Орал облысының Қазбек болысында ашылған. Екі жылдан кейін Қазбекте ашылған Ойыл жәрмеңкесі қорыс көпестерінің қауіпсіздігін, емін-еркін қозғалысын және тауарларының тезірек әрі толығымен сатылуын» камтамасыз етуге қолайлы орын ретінде Ойыл бекінісінің жанына Барқын шаңқалына көшірілген. Жаңа орындағы алғашқы 1869 жылғы күзгі жәрмеңке өте табысты өткен. «Тауғамдар, жібек маталар.

1869 жылы салынған керуен сарайының құрлысына жергілікті табиғи гилісті, топырақты және карьер тастарын қолданғандығы туралы халық арасында айтылып келеді. Сонымен қатар керуен сарайдың кірпіш тасы жергілікті жерде күйдіріліп, құрылысты ағылшындардың салғандығы айтылады. Ойыл жәрмеңкесінің сауда алаңына 18 тас корпус салынып, олардың ерқайсысында 9 лавка орналас-тырылған. Ойыл жәрмеңкесі қарама-қарсы орналасқан ұзындығы 400-500 метрге созыла салынған сауда ғимараттарында өткізілетін болған. Осы қатарда екі үлкен сауда корпустары, 30-дан астам дүкеншелер (ларектар) орналасқан», деп жазады тарихшы Беркін Құрманбеков. 2011 жылы шыққан «Ойыл ауданы» ұжымдық анықтамалық жинағында Б.Рысбаева мен Д.Исабаев Көкжар жәрмеңкесіне қазақтар, орыс, татар Орта Азия көпестері өкелген тауарларға: мата, ыдыс-аяқ, кептірілген жеміс, т.б. мал және мал шаруашылығының өнімдерін (түйе, қой жүндерін, ешкі түбітін, мал және аң терілерін, елтірі, ішік-тон, т.б.) айырбастағанын келтіреді. Жылына екі рет, жазда15 мамырдан 15 шілдеге дейін және күзде 15 қыркүйектен 15 қазанға дейін өткізілген жәрмеңкеде саудагерлер мен жергілікті қазақтар арасындағы сауда айырбас түрінде жүргізілгені де осы еңбекте жазылған. Авторлар Орынбор өлкесіндегі жәрмеңкелердің ішінде «Базарбасы» қызметінің алғаш рет осы Көкжар жәрмеңкесінде енгізілгенінен хабардар етеді. Бұған нақты дәлел ретінде Орынбор генерал-губернаторының сауда мини-стріне жіберген хабарламасынан үзінді келтіреді. Онда «Өлкедегі дала жәрмеңкелерінің ішінде «Базарбасы» қызметі алғаш рет Көкжар жәрмеңкесінде өз қызметін бастады. Көкжар жәрмеңкесінің базарбасы болып Ашықпай Лепесов тағайындалды», - деп жазылған. 1870 жылдан бастап Көкжар жәрмеңкесінің төрағасы болған Мендібай Күмісбаев бұл қызметті 40 жылдай атқарған. Ресей статистиикалық комитетінің 1911 жылы деректері бойынша Көкжар жәрмеңкесінің сауда айналымы 2 млн. 140 мың сомға жетіп, ең ірі 13 жәрмең-кеңің арасында 9-орын алған. Мешіт, жәрмеңке комитеті, сауда дүкендері инженерлік өлшеммен, сәулеттік өнермен салынған, қызыл кірпіштен және қарағайдан тұрғызылған көпестердің үйлері түзу көшелерді құра-

ған. Міне, тұрғызылғанына біржарым ғасырға жуық уақыт өтсе де, күйдірілген сапалы кірпіштен өріліп салынған жәрмеңкенің сауда қатар-лары өлі күнге дейін сынын бермей тұр. Ал сауда қатарларының орта-сында орналасқан ескі қызыл кірпішті ғимарат кезінде жәрмеңке коми-тетінің үйі болған. Жәрмеңкенің жұмысын ұйымдастыруға қатысқан комитет басшылары отырған ғима-рат қазір облыстық маңызы бар тари-хи ескерткіштердің қатарында. Дерек көздерінен белгілі болғанын-дай, қазақ жерінде үлкенді-кішілі 150 жәрмеңке болған, бірақ соның бір де біреуінің орны осы Көкжар сияқты сақталмаған, дейді мамандар. Қазір бұл ғимарат Ойыл аграрлық кол-леджінің жатақханасы есебінде пай-даланылады. Кезінде бірнеше жыл Ойыл ауданының өкімі, кейін осы оқу орнының директоры қызметін атқа-рған, қазір зейнеткерлікке шықса да ұстаздық етіп жүрген Ғазиз Займо-лдин Көкжар жәрмеңкесі комитеті ғимараттары мен сауда қатарлары-ның қолды болып кетпей, осы күйінде сақталуына елеулі үлес қос-қан азамат. Есік-терезелері қақырап, өне-міне талан-таражға түскелі тұрған тарихи ғимараттар қалпына келтіріледі. Жалпы, Көкжар жәрмең-кесінің екі сауда қатарларында 90 дүңгіршек бар деп есептеледі. Соның бір қатарындағы дүңгіршекертер жөңделіп, қалпына келтірілген. Өріне, сол кездегі елдің жағдайымен салы-стырғанда бұл да аз еңбек емес.-

Екінші қатардағы сауда дүңгіршек-терінің есік-терезелері аудандық ме-кемелер қызметкерлерінің күшімен бітеліп, ретке келтірілген. Комитет ғимаратының терезелері, шатырла-ры, есіктері алмастырылған. Кірпіштері сол күйінде тұр. Қабырға-ларының қалыңдығы бір метрге жуық десек артық айтқандық болмас. Әлі күнге дейін құрамы белгісіз болып келген күйдірілген қызыл кірпіштердің сапалылығына таңғалмасқа шараң-жоқ. Бір ғасырдан астам уақыт өтсе де міні құрымаған ғимараттың іші ұядай, таза да жылы. Ғимаратқа осыншама уақыт болды деп ойламай-сың да. Сауда дүңгіршектерінің төбе-лері тастама ағашсыз қызыл кірпіштен өріліп жабылған. Бұл да құрылыс өнерінің бірегей жетістігі екені даусыз. Бұрын шаруашылық қажетіне пайдаланып, кейін иесіз қал-ған бұл сауда қатарларындағы дүңгіршектер қазір Ойыл аграрлық колледжінің қарамағында көрінеді. Әр дүкенге темір есік орнатылып, жабы-лып қойылған. Қазір де бір көдеге асыруға болады. Өзірге бұған тек тари-хи ескерткіш ретінде қараушылық басым. Осы жәрмеңкенің ортасын-дағы мешіт үйі қазір де имандылыққа қызмет етуде. 1893 жылы жәрмең-кеге келген саудагерлердің сұраны-сы бойынша «Көкжар» мешітінің та-баны шикі кірпіштен қаланып, таста-ма ағаштары Орынбордан түйе ар-бамен жеткізілген. Мешіттің алғашқы бас имамы Мәдинада дәрлс алған Сағидолла Ізтілеуов болған. Ол да қуғын-сүргіннің құрығына ілігіп кеткен. Көкжарда мал соятын қасапхана, диірмен, жүн жуатын орын жұмыс істеген. Қасапхана ғимараты күні кешеге дейін сақталып келді, таяу жылдары бұзылған. Мұнда көріз жүйесі де болған дегенді айтады. Осы жәрмеңке ғимараттарының кірпіштері де осы маңда күйдіріліп, дайындалған. Көпес Красавиннің үйі

де көне Көкжардың тарихын көз ал-дыңа өкелгендей сол кездегі сәулет өнерінің туындысы ретінде бағалы. Бұл ғимараттың да шатыры қайта жабылыпты. «...Кезінде керуен жол-дары жан-жаққа кеткен Ойыл жәрмеңкесі сауда-саттықтың ірі ор-талығы болды. Тауар айналымы үш миллион сомнан асқан. Азия ел-дерінен керуен жолдарының сауда арқыы Жәңгір хан жәрмеңкесіне жеткізіліп, бүкіл Ордаға тарайтын болған. Ескі керуен жолдары Көкжар-ды Орынбордың айырбас сарайымен жалғастырған. Ойылдан Жайықтың арғы бетіндегі далалық алқапқа та-райтын керуен жолдарының сауда үшін маңызы зор болды. Ойыл жәрмеңкесі сонымен қатар, Ырғыз, Маңғыстау өңірлерімен және Орта Азия көпестерімен сауда-саттық байланыстарын орнатқан. Бұл жәрмеңкеге Хиуа, Бұқара, Қарақал-пақстаннан саудагерлер көп жинал-ған. Ауғанстан, Парсы жерлерінен келген түйе керуендері бұл өңрге таңсық тауарлар әкелген», деп жа-зады өз еңбегінде тарихшы Беркін Құрманбеков.

«Ертедегі саяхатшылар мен зерт-теушілердің мәлімдемелері бойынша сол кезде Ойылдан сыртқа он екі та-рам жол шыққан және сондай он екі жол осында қарай құлайтын болған. Ойылдан Сарайшық, Ұлытау, Арқаға баратын жолдармен қатар Қонырт пен Хиуаға, одан өрі Бұқараға барып ұласатын төте жол атақты Жібек жолының бір тармағы болған» дейді. Мұның өзі Көкжар жәрмеңкесіне Орынбор, Орал, Саратов, Самара, Мәскеу, Ақтөбе, Аты-рау көпестері, өзбек, түркімен, Иран, үнді саудагер-лері келген дегенді дәлелдей түссе керек. Қазақ даласында жәрмеңке-лер тек сауда-саттықтың ғана емес, сонымен қатар, өнердің де ордасы болған. Қазақ өнерінің дамуында зор рөл атқарған жәрмеңкелерге ақын-жыраулар, жыршылар, күйшілер, өншілер келген. Тарихи деректерге қарағанда, Көкжар жәрмеңкесіне ақын Кердері Әбубекір, Төңірберген Молдабай келген, күйшілер Ұзақ, Құрманғазы, Дәулеткерей, Сәулебай, Әміреш домбыра шанағынан күй төгілдірген, Қашаған, Нұрым, Ақтан, Нұрпейіс Байғанин сынды жыраулар, ақындар таңды таңға ұрып жыр-дас-тандарымен, өлеңдерімен тыңдаған жұрттың құлақ құрышы қандырған, Мұхит Мерәліұлы, Қызыл Тұрдалыұ-лы сынды өншілер жәрмеңкенің сөні мен салтанатын арттырған, елдің көңілін көтеріп, халықты өнерлерімен сусындатқан. Кезінде Көкжарда қазақтың атақты заңгері Бақытжан Қаратаев, Петербордың әскери ме-дициналық институтын алтын ме-далымен бітірген ғалым, халқының қамын жеген Алаштың біртуар аза-маты Халел Досмұхамедов атбасын тірегені белгілі. Осында қазақтың тұңғыш атты әскер училищесі ашыл-ған. Ақтөбе төңірегіндегі орта ғасыр-дағы екі қаланың бірі халық Қырықо-ба атап кеткен Мөулілберді қаласы, Барқын құмындағы Ойыл орманы, Көкжар жәрмеңкесінің ғимараттары, Ойылдың тұмса табиғаты туристерді қызықтыратыны сөзсіз. Сондай-ақ, күнде көріп жүрген жәрмеңке ғима-раттары мен көпестердің ескі үйлері ғой демей, оларды өркениетті елдер-дегідей күтіп, тарихи ескерткіштер ретінде сақталып, қорғалса ұрпаққа жеткізер тарихи мұра болары сөзсіз!

Ашық ақпарат көздерінен алынған деректер бойынша дайындалды



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Ойыл Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1381 дана. Тапсырыс №1266 Көлемі 1 баспа, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.
--	---	--

ҚАЗАҚЫ ҚАСИЕТІМІЗДІ ТҮГЕНДЕГЕН ТАҒЫЛЫМДЫҚ КЕШ



Қаймана қазақ тұз төсінде жолыға қалса, жеті атасын таратысып, егжей-тегжей жөн сұраса келе: «Ой, сен өзі бөтен болмадың, тіпті ет жақын туысым болып шықтың, бізге жиен екенсің немесе нағашы, не құда екенсің» - десіп шұңқыраса табысып, құшақтары қабысып, өзілдері жара-сып бір жасап қалады. Бұл көрініс тек қазаққа ғана төн, өзге жұртқа ұқсамайтын бауырмалдық қасиетіміздің негізгі көрінісі. Ата-бабадан қалған осынау қасиетті бүгінгі ұрпағы қаншалықты сақтап жүргеніне аңдатпа жасай отыра, ұлттық дәстүрді жас буынға жаңғырту мақсатында Ойыл аудандық өнер және өлке музейінің ұйымдастыруымен «Көбеңшар дегеніміз не немесе туыстық қатынас туралы не білеміз?» атты этнографиялық пікірлесу сағаты ұйымдастырылды.

Тақырыбының өзі адамды көп ойға жетелеп, мен мұңдалап тұрған шараға баруға асықтық. Ұлттық дәмге толы дастархан басындағы сұқбатқа, ауданымыздың өр саласында үлгілі еңбек етіп, бүгінде құрметті демалыста отырған абзал аналардың бір тобы шақырылған екен. Шараның тілігін ұстаған музей директоры Балқия Тілеужанқызының ыстық шай аясында ербіткен өңгімесі, барша қонақты терең ойға қалдырды. Соның ішінде шараға өзеке болып отырған сөздік қорымызда болғанмен, күнделікті тілдік қорымызда кездеспейтін «көбеңшар» ұғымы нені білдіретінін білгіміз келгені рас. Қазақ-та қыздан туған баланы «жиен» деп атайды. Жиеннің баласы – жиеншар,

жиеншардың баласы - дегеншар, дегеншардың баласы - көгеншар, көгеншардың баласы - көбеңшар, көбеңшардың баласы - тебеншар, тебеншардың баласы - өлеңшар деп аталады екен. Жиенді осылайша жеті атаға таратып сегізінші ұрпағын «қаймана» деп тоқталыпты. Үнемі өзі ұйымдастыратын шарасының мазмұнды өтуіне, келген қонақтың зердесіне жеткізуге мән беретін Балқия апай, ұлттық салт-дәстүріміздегі туыстық қарым-қатынастың мән-мағынасын қазақ тірмұсымыздағы қарапайым мысалдарды келтіре отыра жеткізе отырып, дастархан басындағы аналарды пікірлесуге шақырды. Өз кезегінде ұлағатты аналар өздерінің ағайын-туыстары арасындағы туыстық қатынастары туралы ойларын ортаға салды. Қазақтың дәстүріміздегі қарт кісілер мен қайынағаларының, абысындарының атын атамау яғни «ат тергеу» дәстүрі де біздің қазақтың келіндерінің абзал қасиетінің бірі екенін, тіпті үйіндегі күйеулеріне дейін атын тура атамай «отағасы», «біздің үйдің кісісі», «балалардың өкесі» т.б атауы Ұлы дала аналарының ұлық белгісі десек артық еместей. Ұлы жазушы М.Әуезов «Ел болам десек, бесігіңді түзе!» дегені ұлт тәрбиесінің Аналар қолында екенін білдіреді. Олай болса, осы тағылымдық-тәрбиелік шара арқылы, ата-баба дәстүріне адалдықты сақтап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу - аналардың қолында екеніне тағы бір күе болдық.

Гүлайым Аманжолқызы, Мәдениет қызметкері.

КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ



Ойыл аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы аудандағы сауда үйлері, дүкендердің жеке кәсіпкерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Салық қызметінің мамандары жол картасына сәйкес тегін мобильді қосымшалар «SalykBot», «E-Salyk Business», «E-Salyk Azamat» мобильді қосымшаларын жүктеп және 15 қыркүйекке онлайн бақылау касса машиналарына өзгерістер енгізу жөнінде, сонымен қатар халыққа «Азаматтық бақылау – түбіртеккі талап ет!» ак-

циясы бойынша да түсіндірді. Бақылау-касса машиналарын салық органына есепке қою, онлайн бақылау-касса машинасын тұрақты қолдану, күнделікті саудаға чек соғу мәселесі, мобильді төлемдер қолдану жайлы және өзге де мәселелер туралы кеңінен мағлұмат берді.

Мемлекеттік кірістер басқармасының мамандары мұндай ақпараттық түсіндіру жұмыстарының алдағы уақытта тағы да жалғасатынын айтады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ИМАНЖҮСІПТІҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Қаламгер Әлімқұл Бүркітбаевтің «Қажымұқан» атты хикаяты 1990 жылы «Жалын» журналында алғашқы рет жарияланып, артынан жеке кітап болып шықты. Осы туынды да Ұлытау өңірінде атақты Иманжүсіптің Балуан Шолақ пен Қажымұқан балуан екеуі бас қосып, даланы дудырдау бөлегені жайлы айтылады. Бірін-бірі көріп, бас қосуға ынтызар болып жүрген қазақтың арыстары алқына өнер көрсетеді. Балуан Шолақ білектей темірді арқан сияқты орап, екі ұшын тұйықтап тастай салады. Қажымұқан балуан ұзын рельс темірді жотасына салып, жиналған халыққа «Екі басына сығандарыңша міндер» дейді. Ел темірге жабысады. Балуан рельсті бауы айналыдырғанша жұрт көбелектей шашырап ұшады.

Думан қызыған бір сәтте жылқысы қойнауға сыймай жатқан шоңжар Сәлімбай ортаға шығады.

Уа халайық, менің бір шартым бар. Ләпбай, байке!

Олай болса, Балуан Шолақ пен Қажымұқан күресіні! Қай жеңгеніне 100 жылқы беремін! Сәлімбайдың үкімін естіген елде ес жоқ. Тобырға қызық керек. Жер тоқтаптан шүпал жатыр. Күресіні! Күресіні! Елірген елдің шуылынан жер шайқалып, көк тербеледі. Мұндай сәтте кіме болса абырап қалары сөзсіз. Балуан Шолақ інісі Қажымұқанға қарайды.

Қажыекең көзін төмен салып, үнсіз ыңыранады. Ат үстінде шіреніп, сусар берігі желбіреп Сәлімбай тұр. Көптің айқай-сүреңінен кейін шынында күрескек болып, Балуан Шолақ пен Қажымұқан белдеріне шылбыр салып дайындала бастайды. Осы сәтте аюдай ақырып ортаға Иманжүсіп шығады.

Ей, халайық, ей Сәлімбай! Өрге тартса, сорға тартатын неткен сорлы едіңдер! Бақтарыңа туған екі балуан көздеріңе көп көрінді ме? Ал, екеуін күрестіріңдер, бір-біріне зөбір жасауға итердіңдер! Бір-бірін майып қылса, сендерге пайда түсе ме? Неткен сорлы едіңдер!

Ей, Балуан Шолақ, сен ұялмай артыңнан ерген жер қаптырмақсың ба?

Иманжүсіптің үкімінен кейін ел сабасына түседі. Қажымұқан болса еңіреп келіп, Қайран Имекең-ай, сен болмағанда Шөкемнің жағасынан ұстап, күнәһар болар едім деп екі ағасын құшақтап солқылдапты.

Бұл оқиғадан біз не түйеміз. Имекең болмағанда екі арыс бірін-бірі майып етуі мүмкін еді. Тек майып етіп қоймай, арасына араздық түспейді ме? Міне, байырғы қазақтың мықтылары татулықты сақтау үшін сыйластықты бұзбаған.

Атағұлла ДОСНИЯЗҰЛЫ, Спорт ардагері, Қараой ауылы.

«ЖАРМОЛА» ЖӘРМЕҢКЕСІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Тарихтан белгілі, XIX ғасырдың соңғы ширегінде, Батыс Қазақстанда, оның ішінде Ақтөбе облысында Ырғыздағы «Жармола», Темірдегі «Қарақамыс», Ойылдағы «Көкжар», Ақтөбедегі «Ақтөбе» жәрмеңкелері даму тұрғысынан ірі орталыққа айналып, халықтың сауда мәдениетін дамытуда зор бетбұрыс туғызған.

Соның нәтижесінде қазақ даласындағы арзан шикізат тауарлары Ресей патшалығы арқылы алыс-жақын шетелге сатылып, олардың орнына халық тұтынатын түрлі тауарлар өкелінген.

Аталған жәрмеңкелер Орта Азиядағы Бесқаламен, Ресейдегі Орскі, Орынбор арқылы сауда қатынастарын дамытуға үлес қосты.

Сонымен қатар, ұлттық өнерді насихаттайтын өлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени даму орталықтарына айналды. Ақтөбе облысында «Жармола» тарихи жәрмеңкесі қайта жанданды. Осы орайда жуырда Ырғыз ауданында аты аңызға айналған «Жармола» жәрмеңкесінің

152 жылдығы тойланды. Айтулы шараға Абай облысынан арнайы келген делегация, еліміздің басқа өңірлері мен облыстың барлық аудардарынан келген қонақтар, олардың ішінде атақты мәдениет және ғылым қайраткерлері қатысты.

Бағдарламасы мазмұнды мереке екі күнге созылып, мұнда жәрмеңкеден бөлек, ұлттық салт-дәстүр мен спорттық ойындар, театрландырылған көріністер мен концерттік бағдарламалар қойылды. Бұдан өзге, атақты жазушы Тынымбай Қарин, жырау Алмас Алматов, тарих ғылымдарының докторы Светлана Смағұлова, «Ырғыздың қилы тарихы» атты республикалық ғылыми-танымдық конференцияға қатысты.

Сонымен қатар, Ырғыз ауданында ұйымдастырылып отырған Жармола жәрмеңкесіне Ойыл ауданынан киіз үй тігіліп, Н.Қалауовтың «Шығанақ» спектаклінен үзінді көрсетіліп, тары қуыру өдісі насихатталды. Оған қоса, тары өнімінен жасалған дәмдер ұсынылды.



ARTSPORT БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесі арқылы балаларды спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелермен қамту жұмысы жалғаса берді.

Қазіргі уақытта уәкілетті орган бағдарламаның жұмыс істеу қағидаларына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Атап айтқанда, балаларды барынша кең қамтуға бағытталған, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ алаң-

дық схемалардың жолын кесуге және алдын алуға бағытталған талаптар енгізілуде.

Бірқатар өңір өкімдіктері бағдарлама аясында қызмет ұсынған кәсіпкерлер алдындағы берешекті өтеу үшін қажетті қаражат іздестіру жұмыстарын жүргізіп жатқанын атап өту қажет. Ақпараттық кеңістікте Artsport бағдарламасының жабылуы туралы тарап жатқан хабарламалар шындыққа жанаспайды.

ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті

ПРОГРАММА ARTSPORT ПРОДОЛЖАЕТСЯ

В связи с появившимися в информационном пространстве сообщениями о закрытии программы Artsport сообщаем следующее.

Программа подшеюющего финансирования детских спортивных секций и творческих кружков продолжит свою работу.

В настоящее время уполномоченным органом ведётся работа по внесению изменений в программу функционирования программы. В частности, внедряются пункты, направленные на повышение охвата детей, обеспечение их безопасности, а также пресечение и упреждение мошеннических схем.

Комитет по делам спорта и физической культуры МКС РК

Касательно имеющихся задолженностей перед поставщиками, необходимо отметить, что акиматы ряда регионов ведут работы по изысканию необходимых средств.

Все заявления о прекращении работы программ являются спекулятивным и не соответствуют действительности.

«ОЙЫЛ ЖАСТАРЫ ҚОСТАНАЙМЕН БІРГЕ!»

Өткен сенбіде Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы «Қостанай көмеке» атты шағын футболдан қайырымдылық турнир ұйымдастырды. Турнирді Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Б.Мұханбетқалиев және Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Ж.Ізгарина жастарға сәттілік тілеп, ашып берді. «Қайырымдылық – ізгі іс. Қайырын өзің көресің» - дегендей, Ойыл жастары да Қостанай облысындағы орман өртінен зардап шеккендерге қолдау көрсетпек. Осы орайда аудандық жастар ресурстық орталығы қайырылыс іске жастарды жұмылдырды.

Қайырымдылық жасау - қанымызда бар қасиет. Ізгі іске бағыттайтын алтын қақпа тәрізді. Осы ұғымды ұстанған аудан жастары яғни өр салада аудан бойынша 29 жасқа дейін қызмет ететін жастардан «Аманат» Партиясы жанынан құрылған ортақ қорға күні бүгінге дейін 700 мың көлемінде қаражат жиналды. Қысылтаяң кездері аудан жастарының бірлігі мен ынтымағы шындала түсіп, оданда кең көлемде қайырымдылық жасау мақсатындағы шағын футболдан

қайырымдылық турнирге тек Ойыл жастары ғана емес, Ақтөбе облысынан екі команда, Байғанин және Ырғыз аудандарынан командаларды да шақырған болатын.

Бұл сәтте ешкім бей-жөй қалмау керек деп есептейтін қонақ командалар өте тамаша көңіл күйде, достық қарым-қатынаста тартысты ойын көрсетті. Қиындық бөліскенде ғана азаяды. Осындай ниетіміз бар. Апат айтпай келмейді. Мұндай қиын сәтте Қостанаймен біргеміз деп ұрандатқан жастарымыз турнирді өз мөресіне жеткізді. Нәтижесінде Аудан өкімі Асқар Қазыбаевтың Алғыс хатымен белсенді қатысқаны үшін Ырғыз ауданынан келген «Ырғыз жастары», Ақтөбе облысынан келген «Арын», Ойыл ауданынан «Полиция» командалары марапатталса, жүлделі 3 орынды Байғанин ауданынан келген «Талын» командасы иеленді. Жүлделі 2 орынды Ақтөбе облысынан «ІПФК» командасы алды. Ал, жүлделі 1 орын өзіміздің «Ойыл» командасының қанжығасында қалды. Сонымен қатар «Үздік қақпашы», «Үздік шабуылшы», «Үздік қорғаушы» номинацияларын өр командалардан жасқы ойын көрсеткен спортшылар иеленді.



Ойыл

Құттықтайық

Ойыл селосы, Еркінов 53 үйдің тұрғыны Омаров Едігені мерейлі 75 жасымен құттықтаймыз!

Сіздің бізге әр кез бөлек орныңыз, Ағайынға қамқор аға болдыңыз. Бүгін міне бақытты сәт біз үшін, Ардақты Әке, 75-ке толдыңыз.

Құтты болсын 75-ке келгенің, Осы жаста аз болмапты бергенің, Ұлағатты ұрпағыңмен мың жаса, Қызық пенен думан болсын көргенің.

75-ке жеткенде бар, жетпеген, Өмір деген өтпек біреу өтпеген. Анамызбен бақытты өмір сүре бер, Қызық көріп 100-ге дейін көптеген.

Құттықтаушылар: жанұясы, немере-шөберелері, қыз-күйеу балалары, бала-көпіндері.

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ» АУЫЛ АҒАЛАРЫНЫҢ ТАРТУУ

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАП, ЕЛЖАНДЫ, ЖҰРТЫН СҮЙГЕН АЗАМАТТАР «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА АУДАНДА КӨПТЕГЕН ЖОБАЛАРДЫ СӨТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА. ОСЫ ОРАЙДА САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ БОТАГӨЗ – 2 КӨШЕСІНДЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СПОРТ АЛАНЫ САЛЫНДЫ. ОЙЫН АЛАНЫ 1965 ЖЫЛЫ ТУҒАН ЕЛ АҒАЛАРЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН БОЙ КӨТЕРДІ.



Игі іске ұйытқы болған азаматтарға ауыл тұрғындарының алғысы шексіз. Бұдан былай ауылдың балалары бос уақытын тиімді өткізіп, тұрғындар да салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданауына мүмкіндік бар.

ОТБАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ЕЛІМІЗДЕ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫНДА КӨМЕКТІҢ БІРНЕШЕ ТҮРІ — КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖӨРДЕМАҚЫ, АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК, КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАМА, ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДЫҢ ШЕШІМДЕРІ БОЙЫНША БІРЖОЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР, ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІ, ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕКТЕР КӨРСЕТІЛІП КЕЛЕДІ.

Бүгінгі таңда облыста 22 839 көпбалалы отбасы (99 762 бала) бар. Оларға осы жылдың 8 айында 10 800,6 млн теңге көлемінде мемлекеттік жәрдемақысы төленді.

Көпбалалы отбасына (құрамында 24 701 адамы бар) 1 239,4 млн теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді.

Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасыларының 1 жастан 6 жасқа дейінгі 6 017 баласына 322,6 млн теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді.

Көпбалалы отбасына (құрамында 24 701 адамы бар) 1 239,4 млн теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді.

Сонымен қатар, 288 отбасына 4,6 млн теңгеге тұрғын үй көмеп тағайындалып, 46 отбасына 39,0 млн теңгеге тұрғын үй сертификатты берілді.

Жергілікті өкілетті органдардың шешімдеріне сәйкес мұқат азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы қосымша әлеуметтік көмек ретінде 21 829 адамға 1 216,9 млн теңгеге берілсе, оның ішінде қиын жағдайдың туындауына байланысты 1 595 отбасына 227,7 млн теңгеге көмек көрсетілді.

Халықтың табыс көзін көбейтіп, олардың өл-ауқатын арттырудың негізгі бағыты — жұмыспен қамту. Осы мақсатта жұмыспен қамту органдарының ықпалымен 38851 адам жұмыспен қамту шараларына тартылды. Бүгінгі күні жұмыссыз азаматтарға іскерлік бастамалары үшін 283 жұмыссызға қайтарымсыз гранттар берілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша келесі жылдан бастап «Отбасының цифрлық картасы» және «Әлеуметтік өміяң» енгізілетін болады.

Отбасының цифрлық картасы — әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтығы туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы» және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің форматының жаңа құралы. Яғни мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

Бұл қалай жұмыс істейді? — Бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың өл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізіледі.

— Қазірдің өзінде цифрлық картада шамамен 6 млн отбасы және 19 млн оның мүшелері мәртебесінің өзгеруіне қарай жаңартылып отырады.

Мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығы белгіленген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін өлеуетті алушыға СМС-хабарлама жіберіледі.

Көпбалалы отбасына (құрамында 24 701 адамы бар) 1 239,4 млн теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді.

Сонымен қатар, 288 отбасына 4,6 млн теңгеге тұрғын үй көмеп тағайындалып, 46 отбасына 39,0 млн теңгеге тұрғын үй сертификатты берілді.

Жергілікті өкілетті органдардың шешімдеріне сәйкес мұқат азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы қосымша әлеуметтік көмек ретінде 21 829 адамға 1 216,9 млн теңгеге берілсе, оның ішінде қиын жағдайдың туындауына байланысты 1 595 отбасына 227,7 млн теңгеге көмек көрсетілді.

Халықтың табыс көзін көбейтіп, олардың өл-ауқатын арттырудың негізгі бағыты — жұмыспен қамту. Осы мақсатта жұмыспен қамту органдарының ықпалымен 38851 адам жұмыспен қамту шараларына тартылды. Бүгінгі күні жұмыссыз азаматтарға іскерлік бастамалары үшін 283 жұмыссызға қайтарымсыз гранттар берілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша келесі жылдан бастап «Отбасының цифрлық картасы» және «Әлеуметтік өміяң» енгізілетін болады.

Отбасының цифрлық картасы — әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтығы туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы» және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің форматының жаңа құралы. Яғни мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

Бұл қалай жұмыс істейді? — Бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың өл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізіледі.

Әнуарбек ҚАНЖАР, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы.